

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 31 қаңтардағы N 143 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 21 желтоқсан N 143ж

Бюджет қаражатын ұтымды пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 31 қаңтардағы N 143 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 27-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 291632 мың теңге (екі жүз тоқсан бір миллион алты жүз отыз екі мың теңге)."

;

2-тармақ "; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 39 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 13 шілдедегі N 775 қаулысы " деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары" деген 6-тармақ кестесінің "Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар" деген 5-бағанындағы "159" деген сан "158" деген санмен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*